

4-қосымша

Диссертациялық кеңес

туралы үлгі ережеге

1	Докторанттың Т.А.Ә.	Юсупова Лаура Хамидовна
2	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	6D072600 –«Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы»
3	Докторантура оқу кезеңі	2018-2021ж.ж.
4	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	«Жаңа технологияларды қолдана отырып, жасөспірімдер аяқ киімінің бөлшектерін дайындауға арналған материалдар пакетін әзірлеу және антропометриялық зерттеу». М.Х.Дулати атындағы университетінің 28.12.2021, ғылыми кеңесінің №5 хаттамасы.
5	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер-Т.А.Ә (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	Отандық ғылыми кеңесші: PhD докторы, доцент, Г.К. Елдияр,М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ. Шетелдік ғылыми кеңесші: т.ғ.д.,профессор А.Р.Соколовский А.Н.Косыгин атындағы университет, Новосибирск қ.,Ресей
6	Зерттеу объектілері	Жасөспірімдердің табан өлшемдерін алу үрдісі мен материалдардың қасиеттерін зерттеу процесі. Зерттеу нысаны жасөспірімдердің табан өлшемдері, аяқ киімге арналған материалдар пакеті.
7	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталмады
8	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталмады
9	Зерттеу объектілерінің (тірі табиғатпен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігімен саудығын қорғау қалай жүргізіледі?	Зерттеу объектілері тірі табиғат пен тіршілік ету ортасының объектілеріне жатпайды.

Өдеп кеңесінің төрағасы  Қ.А.Ернишев

Өдеп кеңесінің хатшысы  Б.Д.Мырзабаева

Өдеп кеңесінің мүшесі  Жанкуанышев М.К

Өдеп кеңесінің мүшесі  Шубаев М.К.

**Әдеп жөніндегі Кеңестің
№ 11 ХАТТАМАСЫНАН
КӨШІРМЕ**

23 маусым, 2025 жыл

Тараз қаласы

Төраға: Ернишев Қ.А.

Хатшы: Б.Д.Мырзабаева.

Әдеп жөніндегі Кеңес мүшелері: Ернишев Қ.А. - Әдеп жөніндегі Кеңес төрағасы, «Экономика және құқық» факультетінің деканы; Кульбаева Д.Д. - Әдеп жөніндегі Кеңес төрағасының орынбасары, Мырзабаева Б.Д. – Әдеп жөніндегі Кеңес хатшысы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы; Нұрпейісов М.К. – «Дене шынықтыру және әскери дайындық» факультетінің деканы; Тасжурекова Ж.Қ. – «Қолданбалы информатика және бағдармалану» кафедрасының доценті; Хусаинов Б.Е. – Кәсіподақ ұйымының төрағасы; Қайназарова М.Б - заң қызметінің басшысы; Жумагулова Б.П. - «Қылмыстық құқық және процесс» кафедрасының меңгерушісі.

Қатыспағандар: – Мыркалыков Б.С. – тіркеу офісінің директор орынбасары - себепті.

Шақырылғандар: Орынбаев С.Ә. – Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор; Жанкуанышев М.Қ.- Ғылыми-зерттеу қызметі бөлімінің бастығы; Қауымбаев Р.Т. - «Текстиль, материалтану және стандартизация» кафедрасының меңгерушісі.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Текстиль, материалтану және стандартизация» кафедрасының аға оқытушысы Л.Х.Юсупованың «Жаңа технологияларды қолдана отырып, жасөспірімдер аяқ киімінің бөлшектерін дайындауға арналған материалдар пакетін әзірлеу және антропометриялық зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына сараптамалық қорытынды беру мәселесі.

ТЫНДАЛДЫ:

Баяндаушы: Әдеп жөніндегі Кеңес төрағасы Ернишев Қ.А.

Ернишев Қ.А.: Құрметті Кеңес мүшелері, кеңес мәжілісін бастауға рұқсат етіңіздер. Бүгінгі мәжілісте қарастырылатын сұрақ «Әдеп жөніндегі Кеңес» төрағасы Қ.А.Ернишев атына «Текстиль, материалтану және стандартизация» кафедрасының аға оқытушысы, докторант Юсупова Лаура Хамидовна «Жаңа технологияларды қолдана отырып, жасөспірімдер аяқ киімінің бөлшектерін дайындауға арналған материалдар пакетін әзірлеу және антропометриялық зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына сараптамалық қорытынды беру жөніндегі өтініші. Диссертациядағы ғылыми әдеп нормаларының сақталуы туралы сараптаманы Ғылыми – зерттеу қызметі бөлімінің бастығы Жанкуанышев М.Қ. жүргізді. Лаура Хамидовна Юсупованың диссертациялық жұмысына байланысты сөз кезегін «Текстиль, материалтану және стандартизация» кафедрасының меңгерушісі Р.Т. Қауымбаевқа береміз.

СӨЗ АЛДЫ:

Қауымбаев Р. Т. : Диссертациялық жұмыстар жайлы жаңа Ережеге сәйкес, ғылыми жұмыстарға қазіргі таңда этикалық кеңестің сараптамалық қорытындысы қажет. Юсупова Лаура Хамидовна 2018 жылы 6D072600 –«Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы» мамандығы бойынша докторантураға оқуға қабылданып, 2021 жылы аяқтады. М.Х.Дулати университетінің Ғылыми кеңесінің 2021 жылғы 28

желтоқсандағы отырысында диссертациялық жұмыс тақырыбы қарастырылып, қайта бекітілді, №5 хаттама. Отандық ғылыми жетекшісі – PhD докторы, доцент, Г.К. Елдияр, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ. Шетелдік ғылыми кеңесшісі т.ғ.д., профессор А.Р.Соколовский А.Н.Косыгин атындағы университет, Новосибирск қ., Ресей. Лаура Хамидовнаның диссертациялық жұмысы зерттеулері «Былғары бұйымдарын конструкциялауы, технологиясы және буып-түю өндірісі» кафедрасының зертханасында орындалды.

Диссертациялық жұмысты алдын ала қорғауы (№ 11 12.06.2025ж. және (№ 11а 20.06.2025ж) өткізілді және мәжіліс қорытындысы бойынша диссертациялық жұмысы қорғауға ұсынылды.

Ернишев Қ.А.: Сөз кезегін ізденуші Юсупова Л.Х-ға береміз.

Юсупова Л.Х.: Құрметті Әдеп жөніндегі Кеңестің төрағасы және мүшелері, менің жұмысымда диссертация Кеңесіне ұсынатын құжаттар тізіміне сәйкес барлық қажетті құжаттар бар. Диссертациялық жұмыстың алдын ала сараптамасының барлық ұсынылған құжаттар мен материалдар «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» 2- бөлімінің талаптарына сәйкес келеді, аннотацияның техникалық сараптамасы аяқталды. Аннотация үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) ұсынылған.

Кульбаева Д.Д.: Сіздің жұмысыңыз плагиатқа тексерілген бе? Отандық және шетелдік ғылыми жетекшілеріңіз туралы ақпарат беріңіз.

Юсупова Л.Х.: Жұмысым плагиаттан өтті, 93 % көрсетті. Отандық кеңесшім - PhD докторы, Елдияр Гүлзинат Қайырбекқызы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде доцент қызметін атқарады, Шымкент қаласы.

Шетелдік ғылыми кеңесші - т.ғ.д., профессор, А.Р.Соколовский, А.Н.Косыгин атындағы университет, Новосибирск қ., Ресей.

Жумагулова Б.П.: Зерттеу жұмысыңыз бойынша қанша мақала жарияладыңыз?

Юсупова Л.Х.: Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша - 12 мақала жарияланды. Оның ішінде: Web of Science және Scopus деректер базаларына кіретін - 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласын бақылау Комитетімен ұсынылған журналдарда - 6 мақала, Отандық және шетелдік халықаралық конференцияларда - 2 мақала жарияланды.

Орынбаев С.Ә.: Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізі барысында барлық этикалық талаптар сақталды. Зерттеу объектілері тірі табиғат пен тіршілік ету ортасының объектілеріне жатпағандықтан, қоршаған ортаға зияны тиген жоқ.

Қауымбаев Р.Т.: Лаура Хамидовнаның жұмыс атқаратын кафедрасының меңгерушісі ретінде айтатыным, жұмысты бірнеше рет қарап шықтық, барлық талаптарға сай орындалып, рәсімделген. Лаураның докторантураға түскеннен бастап, жұмыстарын, зерттеу тақырыптарын бақылаудамыз. Өз саласының маманы ретінде тақырыбының да өзектілігін атап өткім келіп отыр. Жұмысы плагиаттан өтті. Ережелерге сәйкес рәсімделген. Шетелдік басылымда скопуста мақала жарияланған. Лаурамен бірге жұмыс істеген әріптес ретінде әрбір сабағына, атқаратын жұмысына жаңашылдықпен қарайтын маман ретінде танимын. Алдағы уақытта тақырыбын қорғап келген соң, тағы да ғылым саласында тың зерттеулерді күтеміз. Енді сіздердің қолдауларыңыз қажет.

ШЕШІМ:

1. «Текстиль, материалтану және стандартизация» кафедрасының аға оқытушысы Л.Х.Юсупованың «Жаңа технологияларды қолдана отырып, жасөспірімдер аяқ киімінің бөлшектерін дайындауға арналған материалдар пакетін әзірлеу және антропометриялық зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына сараптамалық қорытынды берілсін.

Кеңес төрағасы

Хатшы

Қ.А.Ернишев

Б.Д.Мырзабаева